

Дәуіт пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасы

قصة نبي الله داود عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخ>



فريق اللغة الكازاخية بدار الإسلام

Islamhouse.com сайтының қазақ тілі бөлімшесі



ДӘУІТТІҢ (оған Аллаһтың сәлемі болсын)

патшалығы

Дәуіт Талуттың қызына үйленіп, одан кейін исраилдіктердің патшасы болып тағайындалды. Аллаһ тағала Дәуіттің қолында екіге ажырап кеткен патшалық пен пайғамбарлықты қайтадан біріктірді. Бұл Юшағтан кейін төрт жұз алпыс жылдан бері әлі ешкімнің қолына біріктірілмеген іс еді. Дәуіт – Януда ибн Яғқубтың ұрпағы. Экесінің аты – Эйша. Ибн Исхақ кейбір білім иелерінен оны: қысқа бойлы, көк көзді, сирек шашты, жүргегі мен жаны таза адам деп сипаттаған дерек келтірген.

Дәуіттің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мұғжизалары

Аллаһ тағала Дәуіттің патшалығын ұлken күш-қуатқа ие қылды. Сондай-ақ ол арқылы көптеген мұғжизаларын көрсетті, оған жазбалар түсірді. Бұл жазбалар жинағы «Забур» деп аталды. Аллаһ тағала:

«Сондай-ақ Дәуітке Забурды бердік» (Ниса сүресі, 163 аят), – деген.

Дәуіттің тағы бір ерекшелігі дауысы өте көркем, әдемі еді. Тіпті одан өзге әсем дауысты адам жаратылмаған деп айтЫлады. Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Мұса әл-Ашғаридің (Аллаһ оған разы болсын) Құран оқығанын тыңдап тұрып: **«Әбу Мұсаға Дәуіттің сырнайларынан нәсіп болған екен»**, – деген екен (Имам Ахмад риуаят еткен).

Әбу Мұсаның да дауысы өте көркем болатын. Дәуіттің дауысын Аллаһ тағала оның кереметтерінің бірі еткен. Ол Забурды оқығанда, адамдар ұйып, таулар тыңдап, онымен бірге жаңғырып қайталаған. Тамылжыған әсем дауыска құстар ұшып келіп, көкте бір орындарынан қозғалмай тұрып қалған. Онымен бірге қайталап тәсбих айтқан. Адамдардың барлығы осы кереметтің күәсі болған. Бұл ұлы мұғжиза туралы Аллаһ тағала:

«Расында, Дәуітке өз жанымыздан игілік бердік. «Ей, таулар, құстар! Онымен бірге үн қосындар», – (дедік)» (Сәбә сүресі, 10 аят);

«Дәуітке Аллаһты дәріптейтін тауларды, құстарды бағындырық. Біз осылай жасадық» (Әнбия сүресі, 79 аят);

«Біз (Дәуітке) тауларды кешкі уақытта және таңертең онымен бірге тәсбих айтатын етіп бағындырып қойдық және жиналған құстарды да. Барлығы Оған бойсұнуға қайтатын» (Сад сүресі, 19 аят), – деген.

Сондай-ақ Дәуіттің мұғжизаларының бірі – Аллаһ тағала оған темірді жұмсартты. Жұрт саз-балшықпен қалай жұмыс істесе, Дәуіт темірмен солай жұмыс

істеп, бұрын-соңды кездеспеген сауыт түрін жасаған. Алдыңғы сауыттар темірден тұтастай құйылғандықтан өте ауыр-тұғын. Ал Дәуіт темірден кішкене теңгеше шенбершелер жасап, оны бір-біріне жалғау арқылы ыңғайлы әрі жеңіл сауыттар соқты. Бұл сауыттар жайлы Аллаһ тағала бір аятта:

«(Дәуіт) үшін темірді жұмсақ етіп қойдық және (оган): «Кең сауыттар жаса, оны тоқығанда өлшеп-піш», – (дедік)» (Сәбә сүресі, 10-11 аяттар), – десе, басқа бір аятта:

«(Дәуітке) өздерінді соғыстан қорғау үшін сауыт жасау өнерін үйреткен едік. Сонда шүкір етесіндер ме?» (Әнбия сүресі, 80 аят) – деген.

Дәуіттің бұл мұғжизасы адамзат тарихындағы темір өнеркәсібінің дамуына алғышарт болды.

Осылай Дәуіт ұзак уақыт бытыраңқы күй кешкен исраилдіктердің басын қосып, қуатты мемлекет орнатуға қол жеткізді. Аллаһ тағала:

«Оның патшалығын күшейтіп, оған даналық, сондай-ақ төрелік айтуда қабілетін бердік» (Сад сүресі, 20 аят), – дейді.

Дәуіттің (оган Аллаhtың сәлемі болсын) қазылышы

Дәуіт мемлекеттің қазылыш істерін де өзі басқарды. Ол бұл міндеттін туралықпен жүргізе әділ үкім шығарып, кесімді төрелік айтатын. Бұл үкімдердің бірі Құранда:

«Саған бөлменің қорғанынан асып түскен даугерлердің хабары келді ме? Олар оның алдына кірген кезде, ол олардан қорқып қалды. Олар: «Қорықпа! (Біз) біреуіміз біреуімізге әділетсіздік еткен екі даугерміз. Біздің арамызға ақиқатпен үкім ет және әділетсіздік жасама. Әрі бізге жолдың тұрасын көрсет. Мынау – менің бауырым. Оның тоқсан тоғыз саулық қойы бар, ал менің бір ғана саулығым бар. Ол (маған): «Оны менің қарауыма бер», – деді және (енді) мені сөзде жеңіп шықты», – деді. (Дәуіт): «Ол саған саулығынды өзінің саулықтарына (қосып алуды) сұраумен әділетсіздік етіпти. Негізінде, серіктестердің көбісі біріне бірі әділетсіздік жасайды. Бірақ иман келтірген және ізгі амал істегендер басқа. Алайда ондайлар аз», – деді. Сонан соң Дәуіт Біздің өзін сынағанымызға көзі жетіп, деру Раббысынан кешірім тіледі, иіле жығылды және тәубеге келді. Сонда оның мұнысын кешірдік. Әрі ол үшін Біздің алдымызда жақындық және қайтатын жердің көркемі бар. Ей, Дәуіт! Ақиқатында, Біз сені жер бетінде орын басушы еттік. Ендеше адамдардың арасына ақиқатпен үкім айт және көңіл ауғанға ерме. Эйтпесе ол сені Аллаhtың жолынан адастырады. Ал Аллаhtың жолынан адасқандарға Есеп күнін ұмытқандары үшін қатты азап бар» (Сад сүресі, 21-26 аяттар), – деп баяндалған.

Кейбір тарих кітаптарында Дәуіттің тоқсан тоғыз әйелі болғаны айтылған. «Бір күні ол бір қолбасшысының әйелін көріп, ғашық боп қалады да, соған үйленгісі келеді. Бұл ойын жүзеге асырмақ болған Дәуіт әлгі қолбасшысынан күтылу ниетімен оны небір қатерлі, қауіпті жорықтарға жібереді. Бірақ қолбасшысы қандай жерге жұмсаса да, аман-есен орала береді. Ақыры Дәуіт оны өлтіріп, әйеліне үйленген» деген негізсіз жалған деректер келтіріледі. Тіпті бұл деректер кейбір тәспір кітаптарына да еніп кеткен. Дұрысы: Аятта тоқсан тоғыз әйел емес, тоқсан тоғыз қой деп анық айттылған. Ал араб тілінде әйел ешқашан қойға теңелген емес.

Дәуіттің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өмір жасы

Иbn Аббас (Аллаh әкесі екеуіне разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

«Аллаh Адамды жаратқан кезде оның белін сипап ұрпақтарын шығарды. Аллаh олардың екі көзінің ортасына бір нұр жасаған еді. Сонда (Адам): «Ей, Рabbым! Бұлар кім?» – деп сұрады. (Аллаh тағала): «Бұлар – сенің ұрпағың», – деді. (Адам) өз ұрпағының ішінен бір кісіні көрді. Оған оның екі көзінің ортасындағы нұры ұнады. Сонда ол: «Ей, Рabbым! Бұл кім?» – деп (сұрады). Аллаh тағала: «Бұл – сенің ұрпағыңның ішіндегі соңғы халықтардан (шығатын) бір кісі. Оның есімі – Дәуіт», – деді. Адам: «Оған қанша өмір бердің?» – деп (сұрады). Аллаh тағала: «Алпыс жыл», – деді. (Адам): «Ей, Рabbым, оның өмірін ұзарт!», – деп өтінді. Аллаh тағала: «Тек сенің өміріңнен ұзартамын», – деді. Сөйтіп, Адамның өмірінен Дәуітке қырық жыл қосылды... Сөйтіп, Дәуіттің өмір жасын жүзге толтырып, Адамның өмір жасын мыңға толтырды», – деген (Имам Ахмад риуаят етті).

Осы себепті Дәуіт жүз жыл өмір сүрген.

Дәуіттің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дүние салуы

Оның дүние салуын Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

«Дәуіт өте қызғаншақ еді. Егер сыртқа шықса, есіктерді жабатын да, оның үйіне өзі қайтқанша ешкім кірмейтін. Бір күні ол сыртқа шығып, үйін құлыптап кетеді. Бір кезде әйелі ауласын аралап жүрсе, ауланың ортасында бір ер кісі тұр екен. Сонда (әйелі): «Үйдегі кім?.. Сарай болса құлыптаулы, мына ер кісі қайдан кірген?! Аллаhпен ант етемін! (Мұны) Дәуітке айтармыз», – дейді. Ұзамай Дәуіт келсе, ауланың ортасында бір ер кісі тұр екен. Дәуіт оған: «Сен кімсің?» – деп сұрайды. Ол: «Мен – сондай патшалардан қаймықпайтын, кедергілерде тосылмайтын біреумін», – деп тіл

қатты. Сонда Дәуіт: «Аллаһпен ант етемін! Онда сен – өлім періштесін. Аллаһтың әміріне қош келдің!» – дейді. Сонын рухы алынғанша сонда қалды. (Сұлеймен оны) жуып, кебіндеп, арулап болған кезде күн шығып кетті. Сонда Сұлеймен құстарға: «Дәуітке сая болындар», – деді. Құстар жер қараңғы тартыш кеткенше қоленкеледі. Сол кезде Сұлеймен құстарға: «Қанаттарынды жиындар», – деді», – деген. Хадисті риуаят етуші Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Аллах елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) құстардың әрекетін көрсету үшін бір қолын қағып, бір қолын жиды», – деген (Имам Ахмад риуаят етті).

Аллаһтың пайғамбары Дәуіт осылай дүниеден өтті. Оған Аллаһтың сәлемі болсын!

Дәуіттің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қадір-қасиеттері

Дәуіт өте гибадатшыл еді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «**Аллаһқа ең сүйікті намаз – Дәуіттің намазы. Сондай-ақ Аллаһқа ең сүйікті ораза да – Дәуіттің оразасы.** Ол түннің жартысын ұйықтап, үштен бір бөлігінде намаз оқып, алтыдан бір бөлігінде тағы ұйықтайтын. Бір күн ораза ұстап, бір күн аузын ашып жүретін», – деген (Имам әл-Бұхари және Имам Муслим риуаят еткен).

Әрі ол өте ержүрек, батыр кісі-тұғын. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оның ержүректігі жайлы: «**(Дұшпанға) бетпе-бет келсе, қашпайтын**» (Имам әл-Бұхари және Имам Муслим риуаят еткен), – деп айтқан .

Сондай-ақ Дәуіт шүкір қылушы пендelerден болатын. Аллаһ тағала:

«(Ей), Дәуіттің отбасы! Шүкірлік үшін амал істендер! Негізінде, құлдарымнан шүкір етуші аз» (Сәбә сүресі, 13 аят), – деген.

Дәуіт пайғамбар өзгеге масыл болуды ұнатпайтын. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «**(Дәуіт) тек өз қол еңбегінен тамақтанатын**», – депті (Имам әл-Бұхари және Имам Ахмад риуаят еткен).

Дәуіттің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасынан алынар өнеге-ғибраттар

1. Аллаһ тағаланың:

«Аллах адам баласын бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Аллах – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі» деген сөзінен алар өнеге: егер патшалар болмаса, әділетсіздік жайылып, күшті әлсізге зұлымдық жасайды. Себебі адам баласы Аллаhtан қорқып зұлымдықтан тыйылмаса, патшадан қорқып тыйылады.

Осман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ Құранмен тоқтатпағанды патшамен тоқтатады», – деген.

2. Аллаһ тағаланың:

«Ей, Дәуіт! Ақиқатында, Біз сені жер бетінде орын басушы еттік. Ендеше адамдардың арасына ақиқатпен үкім айт және көңіл ауғанға ерме. Эйтпесе ол сені Аллаһтың жолынан адастырады. Ал Аллаһтың жолынан аласқандарға Есеп күнін ұмытқандары үшін қатты азап бар» деген сөзінен алар өнеге: бұл өсiet Аллаһтан Дәуітке түскенімен, барлық басшыларға да тікелей қатысы бар. Әбу Сағид әл-Худриден жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

«Шын мәнінде, Аллаһқа Қиямет күні адамдардың ең сүйіктісі және жақынырағы – әділ басшы, ал Аллаһқа Қиямет күні адамдардың ең жеккөрініштісі және қатты азапталатыны – залым басшы», – деген (Имам Ахмад риуаят еткен).

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия», «Альбидая уа нихая».